

"Байқоңыр" ғарыш айлағындағы Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы Өкілі туралы ереже туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 18 сәуірдегі N 2955. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.07.25. N 155 жарлығымен.

"Байқоңыр" ғарыш айлағында Қазақстан Республикасының юрисдикциясын және Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын сақтау мақсатында қаулы етемін:

1. "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы Өкілі туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Президентінің

1 9 9 6

ж ы л ғ ы

1 8

с ә у і р д е г і

N

2 9 5 5

Жарлығымен бекітілген

"Байқоңыр" ғарыш айлағындағы Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы Өкілі туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы Өкілі (бұдан әрі - Өкіл) оны жалға беру жағдайында Қазақстан Республикасының юрисдикциясын және Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуге байланысты Қазақстан-Ресей уағдаластықтарында айқындалған мәселелер бойынша "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы Қазақстан Республикасы Президентінің уәкілді адамы болып табылады.

2. Өкіл өз қызметін жүзеге асыру кезінде "Байқоңыр" ғарыш айлағы жөніндегі Қазақстан-Ресей Үкіметаралық комиссиясымен, "Байқоңыр" кешенінің Үйлестіру кеңесімен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, ұйымдарымен және лауазымды адамдарымен, сондай-ақ Байқоңыр қаласының әкімімен, Ресей Федерациясының, органдарымен, ұйымдарымен және "Байқоңыр" ғарыш айлағында өз қызметін жүзеге асыратын ТМД-ға қатысушы басқа да мемлекеттермен өзара іс-қимыл жасайды.

3. Өкіл өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен осы Ережені басшылыққа алады.

4. Өкілді Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

5. Өкіл "Байқоңыр" ғарыш айлағы Үйлестіру кеңесінің мүшесі болып табылады.

2. Өкілдің негізгі міндеттері

6 . Ө к і л :

1) "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі принциптері мен шарттары туралы 1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Келісімді (бұдан әрі - Келісім), 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру Шартын (бұдан әрі - Шарт) және Қазақстан Республикасының юрисдикциясы мен Байқоңыр қаласында тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету бөлігінде оған қосымша Келісімдерді іске асыруға;

2) "Байқоңыр" ғарыш айлағында тұратын азаматтардың қалыпты тыныс-тіршілігі мақсатында "Байқоңыр" кешені инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету ісінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасында өзара түсіністікті нығайтуға, ынтымақтастықты дамытуға бағытталған шаралардың қолданылуына ықпал жасайды.

7. Өкіл Қазақстан Республикасының Президентін "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы жағдай туралы хабардар етіп отырады.

3. Өкілдің өкілеттіктері

8 . Ө к і л д і ң :

1) Қазақстан Республикасының юрисдикциясын және Байқоңыр қаласында тұратын, сондай-ақ жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасының министрліктерінен, мемлекеттік комитеттерінен, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарынан, сондай-ақ "Байқоңыр" ғарыш айлағында өз қызметін жүзеге асыратын ұйымдардан ақпаратты сұратып алуға;

2) Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары мен ұйымдары өкілдерінің қатысуымен кеңестер өткізуге, сондай-ақ өзінің "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы қызметіне байланысты іс-шараларға қатысуға;

3) "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы аэроғарыштық қызмет жөніндегі қазақстандық мемлекеттік және мемлекетаралық бағдарламалар мен жобалардың орындалу барысымен танысуға;

4) өз функцияларын атқармағаны және Қазақстан Республикасының юрисдикциясы мен Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолданбағаны үшін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарын жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізуге;

5) қажет болған жағдайларда жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдау, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарының қолданылып жүрген актілерінің күшін жою немесе өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

6) "Байқоңыр" ғарыш айлағы жөніндегі Қазақстан-Ресей Үкіметаралық комиссиясының қарауына ұсыныстар енгізуге;

7) "Байқоңыр" ғарыш айлағы жөніндегі Қазақстан-Ресей Үкіметаралық комиссиясы мен Үйлестіру кеңесінің отырыстарының құжаттарын, сондай-ақ Байқоңыр қаласы әкімінің қажетті актілерін сұратып алуға;

8) режим және қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы объектілер мен алаңдарда болуға құқығы бар.

4. Қорытынды ережелер

9. Өкіл өзінің "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы қызметін қамтамасыз ету үшін құрылатын жұмыс аппаратын жасақтайды.

10. Өкіл мен оның жұмыс аппаратын қызметтік үй-жайлармен, көлікпен, байланыс құралдарымен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

11. Өкіл мен оның жұмыс аппаратын ұйымдық, құқықтық, ақпараттық және өзгедей қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүзеге асырады.

12. Өкілдің қызметін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы үйлестіріп отырады.